

ОРИЕНТАЛИЗМ

Ориентализмдегі Батыс пен
Шығыс жайлы білімнің ерекшелігі:
хронологиясы





Кітап: Ориентализм

Дәріс: 8. Ориентализмдегі Батыс пен Шығыс жайлы білімнің ерекшелігі: хронологиясы

Мақсаты: XVIII ғасырдың соңы XX ғасырдың басында қалыптасқан Батыс пен Шығыс жайлы білімнің қалыптасу ерекшеліктерін анықтау; оның жалпы сипаттамасымен танысу.

Эдвард Саид ориентализмді үш түрлі сипаттамамен анықтағаны белгілі. Ориентализм: 1) ғылыми зерттеулер; 2) «Шығыс» пен «Батыс» арасындағы онтологиялық және эпистемологиялық айырмашылықтарға негізделген ойлау жүйесі; 3) басқару институты. Бұл үшеуі бір-бірімен өзара тығыз байланысты және бір-бірін үнемі толықтырып отырады.

Саид алғашқы бағыт – ғылыми академиялық зерттеулер туралы айтқанда оның ориентализмнің басқа екі сипаттамасының қалыптасуындағы ықпалының үлкен болғанына назар аударды. Сондықтан ориентализмнің екінші және үшінші анықтамасына мысал бола алатын Бальфур мен Кромердің қызметтері мен көзқарастары туралы сөз болғанда үш анықтаманың өзара айқын байланысын көрдік. Нақтырақ айтқанда Британ империясының Шығыс елдеріндегі осы өкілдерінің көзқарастарына бұған дейін Шығыс жайлы зерттеулер арқылы жинақталған білімнің үлкен әсер еткені байқалады.

Кез келген ғылым саласында, әсіресе гуманитарлық ғылымда қарастырылатын тақырыптың хронологиясы, даму шектерінің нақты белгіленуі өте маңызды. Хронологияны анықтап алу – көтерілген тақырыпты жан-жақты және түбегейлі талдауға мүмкіндік беретін аса жауапты міндет.

Осы міндетті Саид қалай орындады? Бірінші, анықтаманы бере отырып Саид ориентализмнің ғылыми бағыт ретінде қалыптасу кезеңдерін өзінше белгілейді. Бұл жерде Саид үшін ориентализмнің жеке нақты мерзімдік шектері болғаны байқалады. Олар бір жағынан Европаның экономикалық жағынан күрт дамуымен, соның нәтижесінде барлық салада гүлденуімен байланысты болса, екінші жағынан отарлау жүйесінің қалыптасуы мен таралуына қатысты болды. Бұл екі процестің бір-бірімен тығыз байланысты екені бізге жақсы белгілі. Сондықтан Саид ориентализмді осы процестер арқылы түсіндіреді.

Саид Бальфур мен Кромердің көзқарастары еш себепсіз өзінен-өзі қалыптасқан жоқ, олар Шығыс жайлы алдыңғы кезеңдерде жүргізілген зерттеулер, ашылған жаңалықтар мен жиналған білімнің негізінде пайда болды дейді. Бұл Бальфур мен Кромердің көзқарастары да өз кезегінде олардың замандастары мен кейінгі кезең өкілдерінің пікіріне әсер етеді деген сөз.

Саидтің айтуынша «Бальфур мен Кромер барынша ризашылықпен қабылдаған Шығыс пен Батыс арасындағы абсолютті шектеулер ұзақ жылдардың, тіпті ғасырлардың жемісі болып табылады. Әрине, сансыз саяхаттар жасалды, жаңа елдер ашылды, қатынастар сауда-саттық түрінде де, соғыс түрінде де жүрді. Оған қоса XVIII ғасырдың ортасынан бастап Шығыс пен Батыстың арақатынасында екі шешуші элемент болды. Олардың бірі – Европада Шығыс жайлы жүйелі білімнің арта түсуі. Ол білімге отарлық тәжірибе арқылы қолдау көрсетіліп отырды, әрі Батыс адамы үшін «басқа, жат, өзге, ерекше» атаулының барлығына қызығушылықтың кең қанат жаюы әсер етті, ал ол қызығушылық даму үстіндегі этнология, салыстырмалы анатомия, филология және тарих ғылымдарының сұранысынан туды. Кейіннен бұл жүйелі білімге жазушылар, ақындар, аудармашылар және дарынды саяхатшылар тудырған үлкен әдеби корпус келіп қосылды. Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастардың келесі қыры Европаның үнемі күш көрсетушінің, тіпті көп жағдайда билік иесінің позициясында тұруымен байланысты. Бұны еш жұмсартып айтуға болмайды. Рас, күштінің әлсізге қарым-қатынасын жасырып немесе жұмсартуға ұмтылуға болады, бұған мысал ретінде Бальфурдың шығыс өркениеттерінің «ұлылығын» мойындауын алуға болады. Алайда саяси, мәдени және тіпті діни негізде алғанда (Батыста бізді мәселенің дәл осы жағы қызықтыратындықтан) қарым-қатынастың мәні оның күштінің әлсізге қарым-қатынасын танытады».

Шығыс жайлы білімнің біршама уақыт бойы жинау, қалыптасу, өңделу процестерінен өтіп барып таралғанын атаған Саид оны Наполеонның 1798 жылы Мысыраға жасаған жорығымен байланыстырады. Бұл жорық Мысырды әлемге танытқан оқиға, сондықтан көне жазбаларды оқып-зерттеу ісіне өте жоғары деңгейде мән берілді. Бұл тақырыпқа алдағы уақытта жеке тоқталамыз.

XIX–XX ғасырлар бойы ориентализм идеясы түрлі формада туындап тарады. Эдгар Кине сияқты Саид те XIX–XX ғасырдың басын «Шығыс Ренессансы» деп атайды. Бұл кезеңде ориентализмнің қазіргі белгілері қалыптаса бастаған болатын. «Әртүрлі топтарға жататын көптеген ойшылдар, саясаткерлер және суретшілер үшін кенеттен Қытайдан Жерорта теңізіне



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **8. Ориентализмдегі Батыс пен Шығыс жайлы білімнің ерекшелігі: хронологиясы**

дейін созылып жатқан Шығыс туралы жаңа түсінік пайда бола бастайды. Бұл түсінік бір жағынан мәтіндердің санскрит, авеста және араб тілдері сияқты шығыс тілдерінен аударылып, қайтадан танылуы мен пайда болуынан туындады. Сонымен бірге бұл Шығыс пен Батыс арасындағы қатынастарды жаңаша қабылдаудың да нәтижесі болды».

Шығыс жайлы ғылыми білімнің ары қарай даму процесі оның жаңаша толығыуына немесе Саидтің айтуынша жаңаруына алып келді. Бұл кезеңде «ориенталистер арасында бар жерде дерлік өздерінің ашқан жаңалықтарын, тәжірибелерін, тапқандарын қазіргі заманғы терминдермен атауға, Шығыс жайлы идеяларын қазіргі заман/модерн реалияларымен байланысты жеткізуге ұмтылыс байқалады».

Осыған байланысты ориентализмнің ғылыми бағыт ретінде дамуы одан өзге әлеуметтік және техникалық ғылым салаларындағы сапалы өзгерістермен берік байланыста жүргенін атау қажет. Қоршаған орта туралы білімнің дамуы жаңа философиялық бағыттардың пайда болуымен және жалпы алғанда білімнің жаңа бағыттарының қалыптасуымен қатар жүрді. Мысалы, позитивизмнің дамуы мен қоғамды зерттеудің жаңа бағыты ретінде социологияның пайда болуы қатарлас жүрді. Осыған ұқсас XIX ғасырдың басында (1809) пайда болған Чарльз Дарвиннің эволюция теориясы да кейіннен тура сол ілімді қоғамдық жағынан қарастырған марксизм теориясымен (1848) түйісті.

Гуманитарлық білімнің әлеуметтану және позитивизм салаларының негізін қалаушы болып саналатын француз социологы **Огюст Конт (1798–1857)** та осы жаңа салада эволюцияға қатысты өз көзқарасын білдірді. Физика мен химия ғылымдарында ашылған жаңалықтар, Менделеевтің элементтер кестесі және атом физикасы саласындағы ерлі-зайыпты Кюрилердің зерттеулері және XX ғасырдың басында ашылған Альберт Эйнштейннің салыстырмалы теориясы – осылардың барлығы және басқалары ғылым салаларының барлығына бірдей ықпал етті, олардың арасында гуманитарлық және әлеуметтік ғылымдар, бір-бірімен іргелес және алыс ғылымдар бар. Дәл осындай ауқымды да қуатты процесс тура болмаса да жанама түрде шығыс жайлы ғылымның дамуына ықпал етіп отырды. Сондықтан белгілі бір мазмұндағы жаңару процесі осы саланың өзінде де жүріп отырды.

Бұған қатысты Шығыс мәдениеттерін рухани және тәжірибелік жағынан ашу, түсінумен байланысты екі шартты бағытты атап көрсетуге болады. Бірінші бағыт жалпы алғанда Европа мен батыс адамына шығыс әлемінің рухани эзотериялық жағынан танылуымен байланысты болды, ол Макс Мюллер, Ральф Уолдо Эмерсон, Елена Блаватская және т.б. шығармаларынан көрініс табады.

Рухани бағыт деп аталатын бірінші бағыттың көрнекі өкілі **Фридрих Макс Мюллер (1823–1900)** – шығыстанушы, филолог, жаңа ғылым саласы – дінтанудың негізін салушылардың бірі.

Макс Мюллер Германияда неміс романтик ақыны **Вильгельм Мюллердің (1794–1827)** отбасында туған. Лейпциг университетінде классикалық тілдерді, психология мен антропологияны оқыған. Кейіннен Берлинде, Парижде филология, философия, санскрит және Шығыс елдерінің діні бойынша білім алады. 1846 жылы Лондонға қоныс аударып, Оксфорд университетінде қазіргі заманғы европа тілдерінің саласының профессоры болады. Оның энциклопедиялық білімі жаңа ғылымның қажеттілігі жайлы ойға – дінтанудың негізін қалауға алып келді. Ол бұл саланың негізгі зерттеу әдісі – салыстырмалы әдіс деп көрсетті. Бұл жөнінде ол «Бір (ғана) дінді білген адам ешбір дінді білмейді» деген қағиданы бекітті. 1870 жыл дінтанудың негізі қаланған, ал оның «Дін туралы ғылымға кіріспе» еңбегі осы ғылымның алғашқы іргелі еңбегі болып саналады.

1875 жылдан бастап ол оқытушылық жұмыстан толығымен бас тартып, «Шығыс қасиетті мәтіндері» сериясымен кітаптар жазуға кіріседі. Ол өзі осы серияны құрудың негізгі қозғаушысы. Алғашқыда «Адамзаттың қасиетті мәтіндері» деп аталған бұл серия бойынша XX ғасырдың басына дейін қырықтан аса том басып шығарылды. Бұларды баспаға дайындау Европада шығыстану, филология және дінтану ғылымдарының дамуына үлкен серпін берді.

Макс Мюллердің еңбектері тілі мен мәдениетін зерттеген Үндістанның өзіндегі зияткерлік ойдың дамуына айтарлықтай үлес қосқаны назар аудартады. Ғалымның зерттеулерінің Үндістанда жоғары бағалануының қарапайым белгісі ретінде Нью Делидің орталығында оның атында көше бар. Көшеде Үндістан мәдени орталығы сияқты осы бағытқа тікелей қатысы бар ұйымдар орналасқан.



Шығысты рухани жағынан оқып-зерттеген көрнекі ғалымдардың көрсеткен үлкен ықпалының мысалы ретінде Үндістандағы ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі **Махатма Ганди (1869–1948)** дүниетанымын атауға болады. «Автобиография» еңбегінде М. Ганди дін мәселелеріне қатысты сұрақтарға қызығушылық өзінің бойында тек Англияда оқуын аяқтағаннан кейін (1889–1891) ғана оянғанын есіне алады. Оның өзі сол кезде танымал болған теософия мен вегетариандықпен айналысуға байланысты туған. Үндістан мен индуизмнің әлемдік деңгейдегі рухани маңыздылығы жөніндегі түсінік М. Гандидің ол жөніндегі «жалған әдет» деген бастапқы ойының өзгеруіне себепкер болады. Дегенмен сол кезеңде ол барлық негізгі болып табылатын діни ілімдермен жедел, үстірт түрде танысып шығады. Өз өмірбаянында ол таныс теософтардың оған «Бхагаватгитаны» түпнұсқада оқу жөніндегі ұсынысына ол ұялса да оны санскритте де, гуджаратиде де мүлде оқымағанын, ал «Көне Заветті» оқыса мүлдем ұйқысы келетінін мойындап жауап берген.

Шығыс мәдениеттерін рухани және тәжірибелік жағынан ашу, түсінумен байланысты шартты екі бағыттың екіншісі негізінен Шығыс халықтары өмірінің тәжірибелік жағын көрсетеді. Оның қатарында – тілдік, антропологиялық, географиялық және басқа сипаттамалар бар. Қытай сияқты Азия өркениеттерін, сондай-ақ әлемге XIX ғасырдың ортасында «ашылған» Жапонияны зерттеудің басталуы сияқты ірі колония ретіндегі Үндістанды зерттеу саласында да үлкен жетістіктерге қол жеткізілді.

Осылайша гуманитарлық немесе нақты ғылымдардың біріне жатуына, сондай-ақ теориялық немесе тәжірибелік қолданысына қарамастан түрлі тұжырымдар мен теориялар жинақталған білімнің мол қазынасының пайда болуы Шығыс жайлы білімнің шынында да негізгі үлкен білімнің бір тармағы екенін танытты. Оны саяси қырын қоса алғанда таза ғылыми да, тәжірибелік те мәселе ретінде біртұтас, жалпы контекстен бөліп алып жеке зерттеуге болмайды. Мұнан шығатын маңызды қорытынды – таза ғылыми болып саналатын тұжырымдар жаңа деңгейге өтіп саяси процестердің бір бөлігіне айналып үлгерді немесе тұтастай ұлттар мен елдердің интеллектуалды дискурсын қалыптастырды.

Сондықтан Саидтің «ориентализм империализмнің, позитивизмнің, утопизмнің, историзмнің, дарвинизмнің, расизмнің, фрейдизмнің, марксизмнің, шпенглерияндықтың ықпалын көрді» деген сөзімен келісуге болады.

Ренанның көзқарастары нақты көрсете алатындықтан бұл жағдайды Ренанның теориясына қатысты қолдануға болады. Эрнест Ренанның (1823–1892) зерттеулері жайлы Саидтың пікіріне тоқталайық. Оның айтуынша: Эрнест Ренанның «семит тілдері бойынша 1848 жылы жазылған лингвистикалық зерттеулері оның қазіргі заманғы салыстырмалы грамматика, салыстырмалы анатомия және нәсілдік теория/расизм саласында қалыптасқан беделінің стилін танытады. Мұның барлығы оның ориентализмінің (еңбектерінің) беделін арттырса, екінші жағынан батыс ғылымының анағұрлым танымал және ықпалды бағыттарына ориентализмді ашып берді».

Өзін-өзі бақылау сұрақтары

1. Ориентализмнің екінші қағидасының мәні қандай?
2. Саид Батыс пен Шығыс арасындағы негізгі бастапқы айырмашылық неде деп санайды?
3. Ұлыбритания қандай Шығыс елдеріне үстемдік жүргізді?

Өздік жұмыс тапсырмалары

1. Батыс пен Шығыстың арасындағы негізгі айырмашылық жайлы өз ойыңызды баяндаңыз.
2. Лорд Бальфурдың Шығыс жайлы жасаған баяндамасына талдау жасаңыз.
3. Лорд Кромердің Шығыс елдерінің тарихына қатысты қызметіне тоқталыңыз.



Кітап: **Ориентализм**

Дәріс: **8. Ориентализмдегі Батыс пен Шығыс жайлы білімнің ерекшелігі: хронологиясы**

Ұсынылатын ресурстар

1. Said Edward W., Orientalism. London: Penguin, 2003. – 396 p.
2. Саид Э., Ориентализм. С-Петербург: Русский Мир, 2006. – 639 с.
3. Ерекешева Л.Г., Религия и политика в Южной Азии. Индийский Национальный Конгресс и индусско-мусульманская проблема в Британской Индии. – Алматы, 2005.